

Б. Бегаз, 1-курс

*Ғылыми жетекші — Қ. Қ. Адильбекова, жалпы құқықтық және арнайы пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заңтану магистрі
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті)*

Құқықтық нигилизм: алдын алу мәселелері

Қазақстан Республикасының Конституциясы жеке адам, қоғам және мемлекет үшін өмірлік маңызы және ең жоғары әлеуметтік мәні бар құқықтар мен бостандықтарды баянды ететін басты құжат, яғни әрбір еркін жеке тұлғаның ар-намысын қамтамасыз етудің алғышарты болып табылады. Кез келген дамыған мемлекет үшін Ата заңда бекітілген құқықтардың маңызы зор, олар мемлекеттің демократиялық, құқықтық мәнін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қоғамдағы заңдар, соның ішінде Қазақстан Республикасының Конституциясы әлеуметтік қатынастарды ретке келтіріп, адамдар мүддесіне зиян келтіретін әрекеттерге тыйым салып, олармен ымырасыз күрес жүргізуге бағытталған. Бұл — заңдылық, бірақ сонда да болса қоғамымыздағы адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылу жағдайлары әлі де болса кеңінен тарап отырғаны да шынайылық. Мұның негізгі себептерінің бірі — құқықтық нигилизм түрінде көрініс табатын жағымсыз құбылыстың болуы. Құқықтық нигилизм деген ұғымның латын тілінен аударғанда «ештеңе, ешқандай» дегенді білдіретіндігін заңгер ғалымдардың еңбектерінен білеміз¹. Ол дегеніміз — жеке тұлғалардың белгілі бір қоғамдағы өмір сүру ережелерін елемеу, ескермеу, оларға мұқият қарамау, сол қоғамның, мемлекеттің өмір сүру ережелерін сыйламау, заңға деген кері көзқарастардың қалыптасуы, яғни — заңды қабылдамау, заңға қарсы шығу. Құқықтық нигилизм — заңмен басқа құқықтық актілерді білмеу, менсінбеу немесе саналы түрде оларды бұзу түрінде көрінеді, құқықты құндылық ретінде мойындамай теріске шығару, құқыққа сенбеу, құқықты құрмет тұтпау болып табылады². Аталғандардың барлығы құқықтық нигилизмнің өзіне тән белгі нышандарын қалыптастырады, яғни субъективизм, үстемділік, асыра сілтеу, террор, төңкеріс және тағы басқалар. Өзіміз байқап отырғанымыздай, құқықтық нигилизм сан қырлы, өте қауіпті саяси ағым болғандықтан, онымен сапалы күрес жүргізу — мемлекеттің негізгі, үздіксіз қызметтерінің бірі болу қажеттілігін білдіреді. Тәуелсіздіктің тізгінін 25 жыл нық ұстап, құқықтық мемлекет құру мақсатында еңбектену жолындағы еліміз үшін құқықтық тәртіпті нығайту мәселесі ешқашан өз қажеттілігін жоғалтқан емес. Себебі, күнделікті күйбең тіршіліктің құрығына түсіп, өз ар-ожданын, ұятын, намысын бір сәттік дүниенің жалған қызығына айырбастап, заңды сыйламау, білмеудің салдарынан қоғамда қаншама жағымсыз салдарлардың орын алуы шынайы құбылыс. Қоғамдағы құқыққа, заңға, құқықтық тәртіпке деген жарамсыз, қарсы, сыйламаушылық қатынастардан нигилистік көзқарастар өршиді. Құқықтық нигилизм — әлеуметтік қатынас өнімі болғандықтан, көптеген себептер және салдармен негізделген. Осындай жағымсыз құбылысқа қарсы сапалы күрес жүргізу үшін оның пайда болу жолдарын білу керек, яғни: қабылданған заңдардың сапасыздығы; «Заң алдында барлық адам тең» деген қағиданың жай сөз болып қалуы; Конституцияға енгізілген түзетулер, жоғары дәрежелі заң актілерінің билік мүддесіне сай, түрлі өзгерістерге ұшырауы; мемлекеттік қызметшілердің өкілеттіктерін өз мүддесіне пайдалануға ұмтылысы; халықтың құқықтық сауатының төмендігі және тағы басқалар осы тізімді толықтыра бермек. Құқықтық

нигилизмнің пайда болу жолдары қаншалықты көп түрлі болғандықтан, онымен күрестің жолдары да көпжақты болуы тиіс. Соның жауабы ретінде, елімізде орын алған жағымсыз жағдайды түзетіп, халықтың құқықтық санасын арттыру үшін келесідей мәселелер өз шешімін табуы тиіс: ең алдымен мемлекеттік билік құқықтық мемлекет қағидалары бойынша қызмет етуі тиіс, яғни, құқықтың тек қоғамды басқару құралы емес, мемлекеттік билік үшін де міндетті ережелер жиынтығы екендігін мойындауы қажет; мемлекетте кәсібилілік қағидасы басты орынға шығуы тиіс, жоғары лауазымды саяси қызметшілер өз бастамалары мен реформаларының нәтижесіне жауапты болуы тиіс; жалпыұлттық идеология жасақталынуы, жалпыхалықтық құндылықтар кеңінен насихатталуы, сонымен қатар, құқықтық сауаттылықты арттыру жұмыстары кең ауқымда жүзеге асырылуы қажет; сыбайлас жемқорлықпен күрес тек көрсетпелік сипаттан арылып, жоғары дәрежеде жүзеге асырылуы керек, осы саясатты жүргізушілер тексерісті алдымен өздерінен бастауы тиіс. Осы мәселелер шешімін тапқан жағдайда жалпы қоғамдағы құқықтық нигилизмді жеңіп, азаматтардың құқықтық санасының көтерілуіне қол жеткізуге болады деп тұжырымдауға болады³. Құқықтық нигилизмді жою жолдары ретінде көрсететін шаралар легін төмендегідей көрсетуге болады: тұрғындардың жалпы құқықтық мәдениетін және құқықтық санасын жоғарлату, құқық бұзушылықтың және соның ішінде қылмыстың алдын алу, мемлекеттік тәртіпті, заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту, жеке тұлға құқығын қадірлеу және жалпы әлемдік деңгейде қорғау, тұрғындарды құқықтық жалпыға оқыту және құқықтық мәдениетті көтеру шараларын ұйымдастыру, жоғарғы дайындалған заң мамандарын және т. б. әзірлеу. Құқықтық нигилизмді толығымен жою — ұзаққа созылатын үрдіс болғандықтан, онымен қоғам болып күресу қажет. Осы мәселе тұрғысында Елбасымыздың ойын халыққа паш еткен орынды болар: «Құқықтық мәдениетті жоғарылату мәселелері — қоғамның өмір сүруінің объективтік жағдайларының өзгеруіне, мақсатқа бағындырылған идеологиялық, ұйымдық жұмысқа, әлеуметтік-заңдық шараларды жүзеге асыруға байланысты ұзақ процесс екенін қайталап айтқан артық болмас. Осындай жағдайда құқықтық сананы қалыптастыру мемлекеттік билік институттары алдында тұрған аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр. Осы міндет орындалмай азаматтық қоғам құру, өмірдің көптеген саласын реформалау, әлеуметтік жағымсыз мінез-құлыққа қарсы пәрменді күрес жүргізу мүмкін емес»⁴.

¹ Сапарғалиев Г. С., Ибраева А. С. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы, 2008.

¹ Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы, 2006.

¹ Марченко М.Н., Дерябина Е.М. Теория государства и права: Учеб. пос. — М., 2012.

¹ «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсанда). URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31305671 (дата обращения: 02.04.2017).

¹ Сапарғалиев Г. С., Ибраева А. С. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы, 2008.

² Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. — Алматы, 2006.

³ Марченко М.Н., Дерябина Е.М. Теория государства и права: Учеб. пос. — М., 2012.

⁴ «Қазақстан — 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсанда). URL: [http://online.zakon.kz/ Document/?doc_id=31305671](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31305671) (дата обращения: 02.04.2017).